

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 наурыз N 432. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 ~P020647 қаулысымен.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің тәртібі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын осы тәртіпке сәйкес әзірлеуді жүзеге асырсын.
3. "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу мен іске асыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 мамырдағы N 596 P960596_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 жыл, N 21, 183-құжат) күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
21 наурыздағы N 432
қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық
дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің
Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын (бұдан әрі - Индикативтік жоспар) әзірлеудің ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін, олардың құрамын, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың оларды қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылдарының тетігін белгілейді.

2. Индикативтік жоспар әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын, жоспарланатын кезеңге арналған оларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатты көрсеткіштерін (индикаторларын) және мемлекеттік экономикалық реттегіштердің тізбесін қамтитын құжатты білдіреді.

3. Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторлары ретінде экономиканың серпінін, құрылымын және тиімділігін, қаржының, ақша айналымының, тауарлар мен қызмет көрсетулер, бағалы қағаздар рыногының жай-күйін, тартылған, оның ішінде шетелдік инвестициялардың көлемін, бағаның өзгеруін, сыртқы экономикалық байланыстарды, жұмыспен қамтуды, халықтың тұрмыс деңгейін, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды сипаттайтын көрсеткіштер пайдаланылады.

Көрсеткіштердің нақты тізбесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоспарланатын кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарына, мақсаттарына және міндеттеріне сәйкес Индикативтік жоспарды әзірлеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган - Экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) белгілейді.

4. Құқықтық реттеу және экономикалық тұтқалар жүйесі (бюджеттік, салықтық, кедендік-тарифтік, ақшалық-несиелік және сыртқы экономикалық саясат, баға қалыптастыру және шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың кірістері саясаты, мемлекеттік орталықтандырылған инвестициялар,

мемлекеттік сатып алулар жүйесі және басқалары) белгіленген мақсаттарға жету үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қызметіне реттеуші ықпал ететін негізгі құралдар болып табылады.

Экономикалық реттеуші тұтқалар іс-қимылының тізбесі мен бағытталуы нақты сандық мәні Қазақстан Республикасы дамуының ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларында белгіленген, ұсынылатын басымдықтарға, мақсаттарға және міндеттерге сәйкес Индикативтік жоспарды қалыптастыру процесінде айқындалады.

5. Индикативтік жоспарлау - бұл экономиканың дамуына қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған, макроэкономикалық және аумақтық деңгейлерде мемлекеттік реттеудің өзара байланысты шараларының жүйесін білдіретін, Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеу процесі.

6. Индикативтік жоспарлаудың мақсаты нақты сектор, қаржы жүйесі, әлеуметтік сала, халықтың тұрмыс деңгейі, жұмыспен қамту, қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды пайдаланудың тиімділігі, ғылым мен техниканы дамыту және пайдалану салаларында болжалған көрсеткіштерге қол жеткізу болып табылады.

7. Индикативтік жоспарлау:

орта мерзімді және ағымдағы индикативтік жоспарлардың республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкестігін қамтамасыз етуі;

республика экономикасын мемлекеттік реттеуге қолданылатын құралдардың тиімділігін арттыруы;

облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейлерінің бір қалыпты еместігін жеңуге ықпал етуі;

нарықтық тетіктер іс-қимылының негізінде экономиканың өзін-өзі реттеуінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс.

2. Индикативтік жоспарлау жүйесі

8. Шешілетін міндеттердің маңыздылығына байланысты индикативтік жоспарлар республикалық және аймақтық деңгейлерде әзірленеді.

Республикалық деңгейде әзірленетін Индикативтік жоспар - Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспары (бұдан әрі - Үкіметтің Индикативтік жоспары).

Аймақтық деңгейде әзірленетін Индикативтік жоспар облыстың (қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспары (бұдан әрі - облыстың (қаланың) Индикативтік жоспары).

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары Үкіметтің Индикативтік жоспарының құрамдас бөлігі болып табылатын, салалар мен аялардың дамуының орта мерзімді бағдарламаларын әзірлейді. Орта мерзімді салалық бағдарламалардың іс-шараларын нақтылау Үкіметтің Индикативтік жоспарының тиісті бөлімдерінде жүзеге асырылады.

9. Үкіметтің, облыстардың (қалалардың) индикативтік жоспарлары әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді және ағымдағы (жылдық) перспективаларының міндеттерін шешуге бағытталған.

Орта мерзімді индикативтік жоспар бес жылға дейінгі мерзімге жасалады және орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға жету үшін қызмет етеді әрі осы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың проблемаларын шешу жөніндегі тетіктерді қамтиды.

Ағымдағы (жылдық) индикативтік жоспар бір жыл мерзімге жасалады және орта мерзімді Индикативтік жоспарды іске асыру жөніндегі нақтыланған әлеуметтік-экономикалық жылдық бағдарлама болып табылады.

10. Үкіметтің Индикативтік жоспарларын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен Министрлік әзірлейді.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының индикативтік жоспарларын

дайындаушылар жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

Индикативтік жоспарларды әзірлеу кезінде талдау мен болжаудың әлемдік практикада жалпы қабылданған әдістері пайдаланылады.

11. Министрлік Үкіметтің, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының индикативтік жоспарларын әзірлеуді әдістемелік және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

12. Үкіметтің, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының индикативтік жоспарларын өз құзыретінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдар іске асырады.

3. Индикативтік жоспарлардың құрылымы

13. Үкіметтің орта мерзімді Индикативтік жоспары мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары;
- 2) мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы;
- 3) нақты секторды, қаржы жүйесін және әлеуметтік саланы дамытудың

салалық бағдарламалары.

14. "Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары" бөлімі Индикативтік жоспардың басты бөлімі болып табылады және мына мәселелерді көрсетуі тиіс:

1) ағымдағы жылда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалды және индикативтік жоспардың іске асырылуын талдау - қойылған мақсаттарға қол жеткізілуін бағалау, экономиканың және әлеуметтік саланың түйінді проблемаларын шешу. Жаңа проблемалардың пайда болу себептері, олардың макроэкономикалық индикаторларға әсері және нақты сектор мен әлеуметтік саланың жұмыс істеуі;

2) жоспарланатын кезеңге арналған негізгі міндеттерді, басымдықтарды және индикаторларды, олардың сапалық және сандық сипаттамасын айқындау;

3) жоспарланатын кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары және экономиканың дамуының орын алып отырған проблемаларын шешудің әдістері;

4) Индикативтік жоспардың іс-шараларын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің болжамы.

Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің болжамы жоспарланатын кезеңде қол жеткізу үшін экономикалық реттегіштердің бүкіл жүйесі іске қосылатын еліміздің экономикасындағы үрдістерді, конъюнктуралық және құрылымдық өзгерістерді, қаржы жағдайын, халықтың тұрмыс деңгейін, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды және т.с.с. сипаттайды.

Жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 ақпанына дейін Министрлік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігінің қатысуымен болжамды көрсеткіштердің нақты құрамын айқындайды. Жоспарланатын кезеңнің ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің болжамы дамудың болжалатын процестерді көрсетуге қабілетті орта мерзімді кезеңге арналған аса маңызды экономикалық көрсеткіштерін қамтуы тиіс.

Негізгі көрсеткіштердің болжамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің кіріс пен шығыс бөліктерін мемлекеттік реттеу мен әзірлеу саясатын жасау және жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

15. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы іске асыру таяудағы үш жылда мемлекеттік сыртқы заемдардың, республикалық бюджет қаражаттарының және

мемлекет кепілдіктер берген мемлекеттік емес заемдардың есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың тізбесін қамтиды.

16. Нақты секторды, қаржы жүйесін және әлеуметтік саланы дамытудың салалық тұжырымдамалары мен бағдарламаларын оларды дамытудың нақты проблемаларын шешу үшін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары әзірлейді. Бұл құжаттар Үкімет пен Ұлттық Банктің, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың құзыретіне кіретін іс-шараларды қамтиды

Салааралық сипаттағы және орталық атқарушы органдардың құзыретіне кіретін іс-шаралар Үкіметтің Индикативтік жоспарына енгізіледі.

17. Үкіметтің ағымдағы (жылдық) индикативтік жоспары мынадай бөлімдерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары;

2) мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы;

3) Үкіметтің жоспарланатын жылға арналған іс-шараларының жоспары;

4) мемлекеттік экономикалық реттегіштер.

18. Үкіметтің іс-шаралар жоспары басымдықтары, салалары, орындау мерзімдері және орындаушылары бойынша жоспарланатын жылда іске асырылуы қажет іс-шаралардың жүйеленген және нақтыланған тізбесін қамтиды.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі Үкіметтің іс-шаралар жоспары экономиканы реттеу жөніндегі заң және нормативтік құқықтық базаны құруға және жетілдіруге, аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, сондай-ақ Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Үкіметіне және әкімдерге жыл сайынғы тапсырмаларын орындау үшін қажетті іс-шараларға бағытталған.

19. "Мемлекеттік экономикалық реттегіштер" бөлімі мемлекет олар арқылы Индикативтік жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін экономикаға ықпал ететін заттай, құндық көрсеткіштердің кешенінен тұрады және:

1) салықтық ставкаларды, кеден баждарын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді өзгертуді;

2) қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды;

3) мемлекеттік қажеттіліктер үшін меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындарында конкурстық және келісім-шарттық негізде орналастырылатын өнімдер (жұмыстар және қызмет көрсетулер) сатып алуды;

4) мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы мен басқа да бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті орталықтандырылған қаржы қаражатының, шетелдік заемдар мен несиелердің мөлшерлерін;

5) мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы бойынша инвестициялық

жобалардың тізбесін нақтылауды;

6) табиғи монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне арналған тарифтердің шекті өсуін;

7) ең төмен күн көріс деңгейі, кедейліктің шегі және жұмыссыздық деңгейі көрсеткіштерінің өзгеруін қамтиды.

Жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 ақпанына дейін министрлік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігінің қатысуымен болжамды көрсеткіштердің нақты құрамын анықтайды. Жоспарланатын кезеңнің ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің болжамы жоспарланатын жылға арналған дамудың болжанатын процестерін көрсетуге қабілетті аса маңызды экономикалық индикаторларын қамтуы тиіс.

20. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының орта мерзімді және ағымдағы (жылдық) индикативтік жоспарлары бөлімдерінің құрылымы негізінен Үкіметтің индикативтік жоспарларының осындай бөлімдеріне сәйкес болуы тиіс.

Іс-шаралардың көрсеткіштер құрамын, орындаушыларын және қаржыландыру көздерін белгілеу облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің құзыретінде.

Орталық атқарушы органдардың құзыретіне жататын аумақтық және аймақаралық проблемаларды шешу Үкіметтің Индикативтік жоспарына енгізілуі тиіс.

4. Индикативтік жоспарларды әзірлеудің тәртібі мен мерзімдері

21. Орталық және жергілікті атқарушы органдармен индикативтік жоспарды әзірлеу жөніндегі жұмысқа әдістемелік басшылықты және үйлестіруді Министрлік жүзеге асырады.

22. Үкіметтің орта мерзімді Индикативтік жоспарын әзірлеу жоспарланатын кезеңнің басталуынан екі жыл бұрын қолға алынады және мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

Әзірлеудің бірінші жылы:

1 маусымға дейін Министрлік Үкіметтің ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлары басымдықтарының, мақсаттарының және міндеттерінің негізінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұжырымдамасының жобасын және орта мерзімді кезеңге арналған

макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын әзірлейді;

көрсетілген Тұжырымдаманың жобасы 15 маусымға дейін келісу үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарына жіберіледі;

Министрлік жоспарланатын орта мерзімді кезеңде әлеуметтік-экономикалық дамудың жекелеген даулы макроэкономикалық, салааралық және аумақаралық аспектілері мен болжамды көрсеткіштерін мүдделі тараптармен кезең-кезеңмен келісуді жүргізеді;

1 қыркүйекке дейін орта мерзімді кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұжырымдамасының жобасы Қазақстан Республикасының Экономикалық саясат жөніндегі кеңесінің (бұдан әрі - ЭСК) мәжілісінде талқылау үшін жіберіледі.

Әзірлеудің екінші жылы:

1 ақпанға дейін Министрлік орта мерзімді кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұжырымдамасы жобасының түпкілікті нұсқасын орта мерзімді Индикативтік жоспарды әзірлеу процесінің барлық қатысушыларына жібереді;

Министрлік Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесіп орта мерзімді кезеңге арналған аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын әзірлейді және жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін болжамның мақұлданған нұсқасын барлық орта мерзімді Индикативтік жоспарды әзірлеу процесіне қатысушыларға жібереді;

орталық және жергілікті атқарушы органдар аталған көрсеткіштерді алғаннан кейін бір апта мерзімде бұл ақпаратты Индикативтік жоспарды әзірлеуге тартылатын ұлттық компанияларға, мемлекеттік ұйымдарға жеткізеді;

ұлттық компаниялар, мемлекеттік ұйымдар алынған ақпараттың негізінде өзінің дамуының орта мерзімді кезеңге арналған жоспарларын дербес қалыптастырады және болашақ орта мерзімді кезеңге өздерінің ой-ниеттері туралы тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды;

Жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 маусымына дейін Министрлік Қазақстан Республикасы министрліктерінің, агенттіктерінің, Ұлттық Банкінің (келісім бойынша) қатысуымен ағымдағы жылдың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін бағалауды және жоспарланатын орта мерзімді кезеңге болжамды нақтылайды және оларды барлық Индикативтік жоспарды әзірлеу процесіне қатысушыларға хабарлайды;

орталық және жергілікті атқарушы органдар ұлттық компаниялармен,

мемлекеттік ұйымдармен тиісті бөлімдерді кезең-кезеңімен келісуді және орта мерзімді Индикативтік жоспарға енгізілетін дамудың негізгі көрсеткіштерінің болжамдарын нақтылауды жүргізеді және қорытылған ақпаратты жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей Министрлікке хабарлайды;

Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдардан, Ұлттық Банктен (келісім бойынша) алынған ақпараттың негізінде орта мерзімді Индикативтік жоспардың жобасын қорытындылауды және қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

23. Үкіметтің ағымдағы (жылдық) Индикативтік жоспарларын әзірлеу жыл сайын мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 ақпанына дейін Министрлік Үкіметтің орта мерзімді Индикативтік жоспары басымдықтарының, мақсаттарының және міндеттерінің негізінде Қазақстан Республикасының жоспарланатын жылға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаты Тұжырымдамасының жобасын және маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын әзірлейді;

жоспарланатынның алдындағы жылдың 20 ақпанына дейін Министрлік Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұжырымдамасының жобасын және жоспарланатын жылға арналған аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарымен кезең-кезеңімен келісуді жүргізеді;

жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 наурызына дейін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұжырымдамасының жобасы ЭСК-нің кеңестің мәжілісінде талқылау үшін жіберіледі;

Министрлік жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін әлеуметтік-экономикалық дамуы тұжырымдамасының мақұлданған нұсқасы мен аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын барлық Индикативтік жоспарды әзірлеу процесіне қатысушыларға жібереді;

орталық және жергілікті атқарушы органдар аталған көрсеткіштерді алғаннан кейін бір апта мерзімде бұл ақпаратты Индикативтік жоспарды әзірлеуге тартылатын ұлттық компанияларға, мемлекеттік ұйымдарға жеткізеді;

ұлттық компаниялар, мемлекеттік ұйымдар алынған ақпараттың негізінде өздерінің даму жоспарларын дербес қалыптастырады және тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарға өздерінің келесі жылға ой-ниеттері туралы хабарлайды;

жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 маусымына дейін Министрлік Қазақстан Республикасы министрліктерінің, агенттіктерінің, Ұлттық Банкінің (келісім бойынша) қатысуымен ағымдағы жылдың аса маңызды

әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін бағалау мен жоспарланатын жылға арналған болжамды нақтылайды және оларды барлық Индикативтік жоспарды әзірлеу процесіне қатысушыларға хабарлайды;

орталық атқарушы органдар тиісті бөлімдерді ұлттық компаниялармен, мемлекеттік ұйымдармен кезең-кезеңімен келісуді жүргізеді және Индикативтік жоспарға енгізілетін даму көрсеткіштерін нақтылайды және қорытылған ақпаратты жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей Министрлікке хабарлайды;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейін министрліктің атына әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарымен, облыстың (қаланың) дамуының негізгі көрсеткіштерінің нақтыланған болжамын және республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат бойынша есеп-негіздемелерді ұсынады.

Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдардан, Ұлттық Банктен (келісім бойынша) алынған ақпараттың негізінде ағымдағы Индикативтік жоспардың жобасын қорытуды және қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

5. Индикативтік жоспарларды қарау мен қабылдаудың тәртібі

24. Орта мерзімді индикативтік жоспарларды қарау және қабылдау мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

Министрлік орта мерзімді кезеңге арналған Индикативтік жоспардың жобасын (бұдан әрі - Үкімет) жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;

Министрлік орта мерзімді кезеңге арналған Индикативтік жоспардың жобасы Үкіметте қаралғаннан кейін орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен оны пысықтауды қамтамасыз етеді және түпкілікті нұсқасын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 тамызынан кешіктірмей Үкіметке бекітуге ұсынады;

ұлттық компаниялардың орта мерзімді кезеңге арналған даму жоспарларын салалық министрліктер қарайды және Парламент тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын қабылдағаннан кейін 15 күндік мерзімнен кешіктірмей, белгіленген тәртіппен Үкіметке бекітуге енгізеді;

ұлттық компаниялардың орта мерзімді кезеңге арналған даму жоспарларының көрсеткіштерін салалық министрліктер міндетті түрде Министрлікпен келіседі;

Министрлікпен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының орта мерзімді индикативтік жоспарларының жобаларын әкімдер жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 қазанына дейін бекітеді.

25. Ағымдағы индикативтік жоспарларды қарау және қабылдау мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:

жоспарланатын жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары мен дамудың негізгі көрсеткіштерінің болжамын Министрлік жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей Үкіметке ұсынады;

Министрлік әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары мен дамудың негізгі көрсеткіштерінің болжамын Үкіметте қаралғаннан кейін орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен оларды пысықтауды қамтамасыз етеді және түпкілікті нұсқасын республикалық бюджеттің жобасымен бір уақытта, жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Үкіметке ұсынады;

Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын Үкімет бекіткеннен кейін Министрлік мынадай бөлімдерді: Үкіметтің Іс-шаралар жоспарын, Мемлекеттік экономикалық реттегіштерді әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

"Мемлекеттік экономикалық реттегіштер" бөлімі көрсеткіштерінің әрбір тобы бойынша Үкіметтің құзыретінің шегінде жеке қаулылар қабылданады. Тиісті мемлекеттік реттегіштер жөніндегі Үкімет қаулыларының жобаларын белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органдар енгізеді;

мемлекеттік реттегіштерді өзгерту жөніндегі қаулылардың жобаларын, сондай-ақ Үкіметтің іс-қимылдар жоспарының жобасын Үкіметке тапсыру уақыты Парламент тиісті жылына арналған республикалық бюджетті бекіткеннен кейінгі 15 күннен аспауы тиіс;

ұлттық компанияларды дамыту жоспарларын салалық министрліктер қарайды және Парламент тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіткеннен кейін 15 күн мерзімнен кешіктірмей белгіленген тәртіппен Үкіметке бекітуге енгізеді;

ұлттық компанияларды дамыту жоспарларының көрсеткіштерін салалық министрліктер міндетті түрде Министрлікпен келіседі;

мемлекеттік ұйымдардың даму жоспарларын (ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын) республикалық бюджетте оларды ұстауға немесе мемлекеттік тапсырыс жөніндегі зерттеулерді орындауға көзделген қаржыға сәйкес салалық министрліктер қарайды және бекітеді.

26. Министрлікпен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының индикативтік

жоспарларының жобаларын мынадай тәртіппен әкімдер бекітеді:

әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары, облыстың (қаланың) даму көрсеткіштердің болжамы жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 қазанына дейін;

Әкімнің іс-қимыл жоспары жоспарланатынның алдындағы жылдың 15 желтоқсанына дейін.

27. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары, маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы, сондай-ақ реттеуші құжаттар олар қабылданғаннан кейін жариялауға жатады

6. Индикативтік және бюджеттік жоспарлаудың өзара қатынастары

28. Қазақстан Республикасының, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы Индикативтік жоспарларының параметрлері тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде негіз болып табылады.

Жоспарланатынның алдындағы жылдың 1 наурызына дейін Министрлік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрлігіне бірінші жартыжылдықтағы жұмыстың қорытындысы бойынша, кейіннен нақтылау арқылы, тиісті жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын тапсырады.

7. Индикативтік жоспарларды әзірлеуді ақпараттық қамтамасыз ету

29. Индикативтік жоспарлауды ақпараттық қамтамасыз ету Қазақстан

Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне, орталық атқарушы органдар жүзеге асыратын мониторингтерге, халықаралық қаржы институттарының есептеріне және басқа да ресми ақпараттарға негізделеді.

30. Министрлік орталық және жергілікті атқарушы органдардан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен (келісім бойынша) осы тәртіпке сәйкес белгіленген мерзімдерде әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеу және оларды іске асыру барысын талдау үшін қажетті ақпараттық-статистикалық материалдарды алуға құқылы.

8. Индикативтік жоспарлардың іске асырылуын бақылау

31. Министрлік ағымдағы индикативтік жоспарлардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

32. Министрлік елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы Үкіметке тоқсан сайын ақпарат беріп отырады және жекелеген іс-шараларды түзеу жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді.

33. Үкімет экономиканың және әлеуметтік саланың даму жағдайы және аса маңызды проблемаларды шешу жөнінде қабылданатын шешімдер туралы Қазақстан Республикасының Президентін хабардар етіп отырады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.